

Сапарқызы Жаннаттың
6D010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған "Студенттердің ақыл-ой
қызметін жетілдіруге оқытудың денсаулық сақтау технологияларының
әсері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Оқу үдерісінің көлемінің көптігімен және қарқындылығымен, әртүрлі жаңалық енгізулермен, денсаулықты сақтау және нығайту мәселесімен, студент-жастарды салауатты өмір салтына тартумен сипатталатын жоо-да оқытудың қазіргі жағдайы бірыңғай маңызды мәнге ие болып отыр.

Сондықтан қазіргі таңда жоо-да оқытудың мазмұнына кіретін көптеген жаңалықтарды меңгеру білім беру үдерісіне қатысушылардан едәуір күш-қуат шығынын талап етеді, ал бұл білім алушылардың ең негізгі құндылығымен - денсаулығымен «өтемделеді».

Салауатты өмір салтының маңыздылығын және оны қалыптастыру қажеттілігін ұсына отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі осы мәселені «Қазақстан Республикасы 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы», 2011-2015 жылдарға «Салауатты Қазақстан» бағдарламасы, Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» заңы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, яғни Қазақстандық азаматтардың оның ішінде студенттердің де денсаулығын сақтау мен нығайтудың негізгі жолдарын болжаушы және анықтаушы мемлекеттік құжаттарда көрсете білді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің ұлттық орталығы мамандарының жетекшілігімен мектепке дейінгі балалар мекемесі, жалпы білім беру мектептері, орта арнайы және жоғары оқу орындары үшін «Валеология- Қалай салауатты болу керек» атты оқу бағдарламалары жасалып, енгізілді.

Жоғарыдағы мәселелерге орай, соңғы жылдары көптеген денсаулықты сақтау технологиялар мен сауықтыру әдістері, жастардың валеологиялық тәрбиесінің бағдарламалары жасалып, тәжірибеге еңгізу жүргізілуде. Дегенмен ғылыми талдау мен нақты тәжірибе көрсеткендей, әзірге күтілетіндей нәтиже алынбай отыр.

Білім алушылардың денсаулығын қамтамасыз етудің маңызды шарты олардың оқу әрекетіндегі жетістігі екендігін назарға ала отырып, дәл осы оқудағы жетістік білім беру мекемесінде жайлы психологиялық микроклиматтың қалыптасуына және өзін қолайлы сезінуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде бұл олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктеріне сәйкес дамуы мен жетілуіне мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға орай, жалпы білім беру парадигмасының келесідей өзгеруі өзекті болып табылады: денсаулықты тек сақтау мен нығайтудың тар бағдарымен шектеліп қалмай, неғұрлым ауқымды жеке денсаулықты сезіну мен бағалау үшін қажетті қабілеттің, дағдылар мен қарым-

катынастың қалыптасуын қарастыратын, салауатты өмір салтына ынталандыратын, оның құндылықтарын қабылдау және дені сау тұлғаның қалыпты мінез-құлығын құрауға мүмкіндік беретін инновациялық технологияларды кеңінен енгізу қажет.

Мұнан ақыл әрекетінің дамуы және жетілуі үшін инновациялық технологияларды ендіру жолдарын және психологиялық-педагогикалық әсерін іздестірудің маңыздылығы мәселесі тек білім беру мақсатына оңтайлы қол жеткізуді және оқу-тәрбие міндеттерін толыққанды шешіп ғана қоймай, сонымен қатар тұтас педагогикалық үдеріс субъектілерінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға мүмкіндік береуінен туындайды.

Белгілі болғандай, студенттердің оқу әрекеті жетекші іс-әрекет болып табылады. Сондықтан интеллектік және кәсіби қалыптасу оқу әрекеті үдерісінде жүзеге асады. Жоо-да оқудың алғашқы аптасынан бастап студенттерді оқуға оқыту керек. Студенттер интеллектік қабілеттері, ойлау типі, оқытудағы алға жылжу шапшаңдығы бойынша ерекшеленеді. Мұны оқытуды ұйымдастыру барысында ескеріп, оқу-тәрбие үдерісін сараландыруда жүзеге асыру керек.

Оқу әрекетінің деңгейін арттыру үшін студенттердің ойлау қызметін қалыптастыра және оқуға ынтасын күшейте отырып, дәстүрлі және жаңа, заманауи ақпараттық, сондай-ақ денсаулық сақтау технологияларын пайдалану қажет.

Еліміздің әл-ауқатының деңгейін, оның экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуетін айқындайтын өскелең ұрпақ денсаулығының жай-күйі қазақстандық қоғамның бүгінгі күнгі өзекті мәселелерінің бірі деп танылуда. Соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей қазіргі заманғы студенттердің денсаулық жағдайындағы жағымсыз үрдістердің айқындылығы көбінесе "мектеп тәуекел факторларына" байланысты екені анықталды. Олардың қатарына стрессогендік педагогикалық практика, оқу үдерісінің қарқындылығы, оқыту әдістемелерінің студенттердің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі, денсаулықты нығайту мәселелеріне байланысты педагогтардың дайындығының әлсіздігі жатады. Еліміздің білім беру жүйесінде мақсатты тұжырымдалған денсаулық сақтау саясатының болмауы салдарынан студенттердің денсаулық деңгейі бұрынғысынша өте төмен болып қалып отыр. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, бүгінгі таңда студенттердің 87%-ы мамандандырылған медициналық қолдауды қажет етеді, 70% - ның көру қабілеттері бұзылған, 30% - ның созылмалы аурулары бар, 60% -ның дене бітімі бұзылған, темекі шегуге құмарлық әр бесінші жасөспірімде байқалады. Студент жастардың денсаулық жағдайы бойынша мұндай деректер, әрине, бірінші кезекте олардың ойлау қызметін дамыту мен жетілдіруге кері әсер етеді.

Өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мәселесін ғылыми-теориялық негіздеу ерекше өзектілікке ие, оның басым міндеттерінің қатарына оқытудың жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологияларын енгізу кіреді. Соңғы жылдары инновациялық технологияларды, валеологиялық, гигиеналық тәрбие беру бағдарламаларын әзірлеуге және тәжірибеге енгізуге

көптеген жұмыстар жасалуда. Алайда, ғылыми талдау мен нақты тәжірибе көрсетіп отырғандай, қажетті нәтижелер алу мүмкін емес. Қазіргі өмір жағдайы және қазіргі педагогикалық жүйе студенттерге жеткілікті білім көлемін бере алады, бірақ қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындай алмайды, яғни балалардың денсаулығын сақтауға қабілетті емес. Сондықтан талқыланатын мәселені ұйымдастырудың жаңа үлгілерін іздеу өзекті болып табылады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнындарының тәжірибесінде өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын бекіту білім беруді ізгілендірудің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. "Денсаулық сақтау технологиялары" ұғымына ерекше мәртебе беріліп, оның қалыптасуының маңыздылығы студенттердің физикалық, психикалық және әлеуметтік амандық әл-ауқатын сақтау және жетілдіру қажеттілігімен негізделеді. Денсаулық және физикалық әрекет қабілеттілігі жеке тұлғаның әлеуетін ашудың шарты және негізі болып табылады. Денсаулық сақтау негіздері мен жас кезеңдегі салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру және бекіту қаншалықты сәтті болуына қарай адамның кейінгі уақыттағы тіршілік бейнесі байланысты болады.

Денсаулық сақтау негіздерін дер кезінде қалыптастыру жастарға зиянды әдеттердің теріс тәжірибесін алудан құтылуға, өмір бойы қозғалыс белсенділігінің қажеттілігін сақтауға, өсіп келе жатқан ағзаны нығайтуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық ғылымда қазіргі уақытта зерттеліп отырған мәселені қоюға және шешуге бағытталған жеткілікті білім қоры жинақталған. Ғылыми еңбектерді талдау нәтижесі көрсеткендей, денсаулық құндылығы және оны сақтау жолы туралы философиялық, педагогикалық, медициналық идеялардың білім саласында дамуы мәселесі И. Брехманнің, Ю.П.Лисициннің, Н.А.Агаджанянның, А.М. Амосовтің, Т.Ф. Акбашевтің, Л.И. Лубышевтің, И.К. Бальсевичтің, В.П. Петленконың, А.П. Виноградовтің, М.Я. Виленсктің, Н.Н. Базелюктің және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жарық көрді.

Педагогикалық валеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері ресейлік ғалымдар И.В. Барышевтің, Р.И. Айзманнің, Э.Н. Вайнердің, О.Л. Трещевтің, В.В. Поповтың, Б.Н. Чумаковтің, Г.К. Зайцевтің, М.Л. Лазаревтің, Л.Г. Татарниковтің, З.И. Тюмасевтің, сондай –ақ, қазақстандық А.С. Иманғалиевтің, Г.Д. Алимжановтің, А.В. Ахаевтің, Л.З. Алушының, Ә.Ү. Сағымбаевтің, А.Д. Соколовтің, З.С. Әбішевтің, Г.А. Жетписбаев және т. б. зерттеушілердің еңбектерінде ұсынылған.

Қазіргі таңда қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдау көрсеткендей, педагогикалық үдерісте денсаулық сақтау технологияларын қолдану мәселелеріне қатысты бірнеше ғылыми бағыттар анықталған:

- бірінші бағыт денсаулықты және тұтас педагогикалық үдеріс субъектілерінің салауатты өмір салтын (СӨС) сақтауды қалыптастыру мәселесінің жекелеген аспектілеріне қатысты болып табылады. Бұл С.Н.Сүлейменованың, Д.Ф.Акбердиеваның, А.Мауленбердиеваның, Ж.О. Жылбаевтің, Р.Д. Гаджиевтің, Ж.З. Торыбаеваның, И.И. Петренконың

еңбектерінде жарық көрді. Д.Ф. Акбердиеваның зерттеулері бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың дене шынықтыру құралдарымен салауатты өмір салтын қалыптастыруға дайындау тиімділігін арттыру тұрғысынан жүзеге асырылады; профессор Д.З.Торыбаеваның зерттеулерінде инновациялық технологияларды қолдану аясында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелері ғылыми негізделген. Аталмыш ғалымдар зерттеліп отырған мәселені дамытудың басым бағыттарын анықтады, "оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың инновациялық технологиялары" ұғымының мәнін ашты, әлеуметтік тәрбие институттарының өзара әрекеттесу жағдайында сатылап енгізу әдістемесі әзірленді.

- екінші бағыт орта және жоғары мектептің білім беру үдерісінде денсаулық сақтау және денсаулық қалыптастырушы технологияларды пайдаланумен байланысты (А. Е. Әбілқасымов, К. А. Данияров, Х. Т. Төлеубаев және т.б.). Сонымен, профессор А. Е.Әбілқасымова білім беру үдерісінде денсаулық сақтаушы және денсаулық қалыптастырушы технологияларды қолдану барысында ескеру қажет жоғары және орта білім берудің дидактикалық аспектілерін ғылыми негіздеді.

Ғалым Х.Т. Тулеубаеваның ғылыми еңбектерінде балалар мен жеткіншектердің денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру жолдары көрсетіліп, орта мектеп оқушыларымен жұмыс жүргізудегі денсаулық сақтау технологиялары дамытылған.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау барысында студенттерді тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық еңбектердің, арнайы зерделеулердің болуына қарамастан, оқыту үдерісінде денсаулық сақтауды қалыптастыруға арналған жұмыстар жүргізілмегендігі анықталды. Студенттерді салауатты өмір салтының (СӨС) құндылықтарына тарту жолдары мен тетіктері ашылмаған күйінде қалып отыр. Сондай-ақ студенттердің ақыл әрекетін дамыту мен жетілдірудегі оқу үдерісінің денсаулықты шығындаушы сипатын жеңуге мүмкіндік беретін денсаулық сақтау технологияларына әсер ететін факторларды анықтау мәселесін негіздеуді талап етеді. Бізге студенттерді оқыту және олардың ақыл әрекетін жетілдіру үдерісінде денсаулық сақтау технологияларын пайдалану ерекшеліктерін зерттеу белгілі бір қызығушылық туындатты.

Сонымен, студенттердің денсаулық сақтауын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайларды құру қажеттілігі мен оқыту үдерісінде олардың денсаулығын сақтау және арнайы осы үдерістің мазмұндық және технологиялық аспектілерін көрсететін, жүйелі негізделген ерекшеліктерін ашатын ғылыми –әдістемелік әдебиеттің болмауы арасындағы қарама-қайшылық айқын көрінді. Аталмыш қарама-қайшылықты жою және оқыту үдерісінде студенттердің ақыл әрекетін жетілдірудің тиімділігі мен нәтижелілігіне әсер ететін және оны қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтау зерттеу мәселесін құрайды.

Мәселенің өзектілігі, оның әлеуметтік мәнділігі және ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің жеткілікті негізделмеуі зерттеу

тақырыбын "Студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге оқытудың денсаулық сақтау технологияларының әсері" деп атауға негіз болды.

Диссертацияның мақсаты студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге денсаулық сақтау технологияларының ықпалының психологиялық-педагогикалық жағдайларын ғылыми негіздеуден, жоо-да кәсіби дайындау жағдайында оларды тиімді қолдану бойынша авторлық әдістемені әзірлеу және эксперименттік тексерулерден тұрады.

Зерттеу нысаны: Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлау.

Зерттеу пәні: Денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру үдерісі.

Зерттеудің негізіне келесі **ғылыми болжам** қойылған: денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру тиімдірек болады, егерде:

- студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге оқытудың денсаулық сақтау технологияларының әсер етуінің теориялық-әдіснамалық негіздері мен психологиялық-педагогикалық жағдайлары анықталса;
- оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үлгісі әзірленетін болса;
- әзірленген үлгі студенттерді оқыту үдерісінде практикалық сынақтан өткізілсе.

Жетекші идея: Студенттердің денсаулығын сақтауды қалыптастыру тиімділігі ақыл-ой қызметін жетілдіру, студенттерді денсаулық сақтау технологияларына жүйелі түрде тарту мақсатында оқыту үдерісінде денсаулық сақтау технологияларын және олардың қағидаларын жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Қойылған мақсат пен ұсынылған ғылыми болжамға сәйкес зерттеудің келесі **міндеттері** анықталды:

1. Білім беру теориясы мен тәжірибесіндегі зерттеу мәселесінің жағдайын талдау және "ақыл-ой қызметі", "ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіру", "денсаулық сақтау технологиялары" ұғымдарының педагогикалық мәнін ашу».
2. Оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру өлшемдері мен көрсеткіштерін теориялық негіздеу және оның құрылымдық-компоненттік үлгісін әзірлеу.
3. "Денсаулық сақтау технологияларының негіздері" элективті курсы және "Денсаулық сақтау технологияларының құралдарымен студенттердің ақыл-ой қызметін дамыту" тақырыбында жоо оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курсына енгізу арқылы ақыл-ой қызметін жетілдіруге оқытудың денсаулық сақтау технологияларының ықпалының психологиялық-педагогикалық жағдайын анықтау.
4. Студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге денсаулық сақтау технологияларының ықпалының анықталған психологиялық-педагогикалық жағдайлары, элективті курс бағдарламалары мен оқытушылардың біліктілігін

арттыру курсы негізінде эксперимент жүргізу және олардың сапалық сипаттамалары мен сандық нәтижелерін ескере отырып, талдау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі "қызмет", "оқу қызметі", "ақыл-ой қызметі", "инновациялық технологиялар", "денсаулық сақтау технологиялары", "денсаулық", "салауатты өмір салты", "денсаулық сақтау" ұғымдарының мәнін ашатын философиялық тұжырымдамалар болып табылады. Сондай-ақ философиялық, әлеуметтік, психологиялық, гигиеналық, медициналық және педагогикалық аспектілерде осы мәселенің мәнін қарастырған ғалымдардың тұжырымдамалық пікірлерін, көзқарастары мен теорияларын зерделеу, ұғыну және қорыту; тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы туралы ілім; тұлғалық-іс-әрекет тәсілінің теориясы; жүйелі-тұтас педагогикалық үдеріс теориясы; аксиологиялық тәсілдің теориясы.

Зерттеу көздері: оқу-тәрбие үдерісін реттейтін ресми үкіметтік құжаттар, философтардың, әлеуметтанушылардың, медицина қызметкерлерінің, психологтардың, педагогтардың зерттеу мәселесі бойынша еңбектері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, "ҚР Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасы" нормативтік құжаттар (2000), "салауатты өмір салты кешенді бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы (1999), "ҚР Білім беру туралы" Заңы (2007), Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (2007), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2010).

Зерттеу әдістері ғылыми болжаммен, міндеттермен және жұмыстың мақсаты мен міндеттерімен анықталған: теориялық әдістер (талдау, салыстыру, синтез, жинақтау, үлгілеу), ғылыми болжамды анықтау және негіздеу үшін аналогия әдісі, бақылау, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерттеу және қорыту, педагогикалық эксперимент, антропометриялық әдістер (соматометрия, соматоскопия, физиометрия), психологиялық-педагогикалық, медициналық-валеологиялық мониторингтің негізіне алынған, студенттердің денсаулық сақтау көрсеткіштері мен оны дамыту және оның психологиялық-педагогикалық-валеологиялық мониторингіне негізделген, компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы математикалық статистикалық әдістері.

Жұмыс 2015-2018 жж. аралығында жүргізілді және үш негізгі кезенді қамтыды:

Бірінші кезеңде (2015-2016 жж.) философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттегі қарастырылып отырған мәселесі бойынша ғылыми ақпаратты зерттеу, жинақтау және жүйелеу жүзеге асырылды. Осы бағыттағы жеке педагогикалық жұмыс тәжірибесі жинақталып, талданды. Бұл зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін анықтауға, мәселені тұжырымдауға, зерттеудің нысаны мен мәнін, мақсаты мен міндеттерін анықтауға, зерттеудің ғылыми болжамын тұжырымдауға, мақсаттар мен міндеттерге барабар әдістерді таңдауға, ұғымдық аппаратты әзірлеуге, эксперименттік зерттеу жоспарын құруға мүмкіндік берді. Бұл кезеңде анықтаушы эксперимент жүргізілді, оның нәтижелері бағаланып,

талданды. Студенттердің ақыл-ой қызметінің бастапқы даму деңгейі зерттелді, қорытынды эксперимент нәтижелері өңделді.

Екінші кезеңде (2016-2017 жж.) зерттеудің ғылыми болжамы нақтыланды және түзетілді; оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру әдістемесінің негізгі ережелері әзірленді; эксперименттің оқыту кезеңінің негізгі бағыттары нақтыланды; студенттердің денсаулық көрсеткіштері мен даму көрсеткіштерінің психологиялық - педагогикалық, медициналық - валеологиялық мониторингімен бірге әзірленген үлгі мен технологияны енгізу бойынша лонгитюдті эксперименттің негізгі ережелері сынақтан өтті; зерттеу нәтижелерін өңдеу жүзеге асырылды және авторлық әдістемеге түзетулер енгізілді.

Үшінші кезеңде (2017 - 2018 жж.) эксперименттік жұмыс нәтижелерін жүйелеу жүзеге асырылды; олардың сандық және сапалық өңделуі жүргізілді; студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру деңгейінің даму динамикасы анықталып, теориялық және эксперименттік түрде психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені негізделді, оларды есепке алу зерттелетін үдерістің тиімділігін анықтайды. Зерттеу нәтижелері қорытындыланды, практикаға ұсыныстар әзірленді және енгізілді. Теориялық және практикалық қорытындылар нақтыланды, алынған нәтижелерді ресімдеу жүзеге асырылды.

Зерттеу базасы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Эксперименттік жұмыстың әр түрлі кезеңдеріне 325 студент, 24 оқытушы қатысты.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

- біздің зерттеу жұмысымызда "ақыл-ой қызметі" ұғымының мәні адамның ақыл әрекеті дамуының негізгі жағдайы және үйренудің танымдық формасын жұмылдыру арқылы тәжірибені толықтыруға бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылды;
- "денсаулық сақтау технологиялары" ұғымының мәні, білім алушының өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, валеологиялық құндылықтарды насихаттауға бағытталған негізгі білім, білік және дағды, құндылық бағдарлар, мотивтер синтезі ретінде зерделенді;
- денсаулық сақтау технологиясы арқылы студенттердің ақыл-ой қызметінің когнитивті, мотивациялық және іс-әрекеттік компоненттерін қамтитын үлгісі ұсынылды;
- оқытушылар үшін элективті курс пен біліктілікті арттыру курсы енгізу негізінде студенттердің денсаулығын сақтауды қалыптастыру жүйесі жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- "ақыл-ой қызметі", "ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі", "ақыл-ой қызметін жетілдіру", "денсаулық сақтау технологиялары» ұғымдарының мәні ашылды және теориялық тұрғыдан негізделді;
- оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл әрекетін жетілдіру критерийлері мен көрсеткіштері теориялық негізделіп, оның құрылымдық- компоненттік үлгісі әзірленді;

- жүйелі тәсіл негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге денсаулық сақтау технологияларының ықпалының психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені анықталды және олардың негізінде осы мәселе бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру курсы мен оқыту үдерісіне элективті курсты енгізу арқылы олардың денсаулығын сақтауды қалыптастыру жүйесі жасалды;

-оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру курсы мен элективті курс бағдарламаларының, әзірленген үлгісінің тиімділігіне эксперименттік негіздеме берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсынымдар денсаулық сақтауды қалыптастыру мәселелерін шешу аспектісінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру мәселесін тиімді шешуге ықпал етеді. Әзірленген әдістеме мен алынған зерттеу нәтижелері болашақ педагог-бакалаврларды дайындау тәжірибесінде, мектеп мұғалімдері мен жоо оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесінде, сондай-ақ сауықтыру қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу кезінде және т. б. пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен негізділігі бастапқы ұстанымдардың теориялық-әдіснамалық негізділігіне; ғылыми аппараттың зерттеу міндеттері мен логикасына сәйкестігіне; оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру мәселесіне заманауи тәсілдерді жан-жақты талдауға, ғылыми аппаратқа және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұнына барабар әдістер кешенін қолдануға негізделген; зерттелетін мәселені шешудің ұсынылатын жолдарының мақсаттылығы мен заңдылығын растаған түпкілікті нәтижелерді объективті талдау.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Зерттеу нәтижелерінің негізгі ережелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің "Педагогика және психология" кафедрасында, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің "Этнопедагогика және музыкалық білім" кафедрасында талқыланды.

Зерттеу материалдары бойынша 11 ғылыми еңбек жарық көрді, оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 3 ғылыми басылымда, Scopus (Elsiver) компаниясының ақпараттық базасына кіретін импакт-факторы бар 1 журналда және 3 халықаралық конференция материалдарында, 4 шетелдік конференцияларда жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы зерттеудің логикасын, мазмұнын және нәтижелерін көрсетеді. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының мәселесі мен өзектілігі негізделеді. Ғылыми аппарат ұсынылған: мәселе, мақсат, нысан, пән, ғылыми болжам, математикалық-статистикалар. Ғылыми жаңалығы мен практикалық

маңыздылығы ашылады, қорғауға ұсынылатын әдістемелік және теориялық негіздері, ережелері, зерттеу нәтижелерін енгізу актілері көрсетіледі.

"Студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге денсаулық сақтау технологияларының психологиялық-педагогикалық әсерінің теориялық-әдіснамалық аспектілері" атты **бірінші тарауда** зерттелетін тақырып бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалған. Іс-әрекеттік, жеке-бағдарлы тәсілдердің негізінде зерттеу пәнінің әдіснамалық негіздері анықталды, оқыту үдерісінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру тиімділігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық жағдайлар талданып, анықталды, осы үдерісті ұйымдастырудың мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері ашылды; зерттелетін аспектіде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдірудің құрылымдық-компоненттік үлгісі әзірленді, қарастырылатын үдерісті жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды.

"Оқытудың денсаулық сақтау технологиялары негізінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру" атты **екінші тарауда** зерттелетін мәселенің мазмұндық және ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері ашылады; оқу үдерісіне енгізудің психологиялық-педагогикалық шарттары кешенін ескере отырып, студенттердің денсаулығын сақтауды қалыптастыру жүйесінің негіздемесі келтіріледі.

"Студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіруге оқытудың денсаулық сақтау технологияларының психологиялық-педагогикалық әсерін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс" атты **үшінші тарауда** осы жүйені педагогикалық практикаға енгізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдері мен нәтижелері баяндалады.

Қорытындыда зерттеудің қорытындысы шығарылды, тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды, осы мәселе бойынша одан әрі зерттеулердің перспективалары белгіленді.

Қосымшада диагностикалық, эмпирикалық- әдістемелік, бағдарламалық материалдар ұсынылған.